

Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы", "Электронды құжат және электронды сандық қол қою туралы", "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне электронды құжат айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Заңдарының жобалары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 тамыз N 908

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының "Ақпараттандыру туралы", "Электронды құжат және электронды сандық қол қою туралы", "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне электронды құжат айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы", "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы" Заңдарының жобалары Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

"Ақпараттандыру туралы"

Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң ақпараттандыру саласындағы қатынастарды реттеуге, ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді дамыту мен қорғауға бағытталған, ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік органдардың құзыретін, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін белгілейді.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру - жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ақпараттық қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған ұйымдық, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс;

2) ақпараттық ресурстар - ақпараттық жүйелерде қамтылған, тиісті бағдарламалық камсыздандырумен біріктірілген әрі ақпарат пайдаланушылар мүдделі болып табылатын электронды жүйеленген ақпарат массивтері (ақпараттық деректер базалары);

3) уәкілетті орган - ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты және қызметті мемлекеттік реттеуді іске асыратын мемлекеттік орган;

4) ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор - мемлекеттік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді түзуге, дамытуға әрі сүйемелдеуге ұйымдық-техникалық қолдау мен сүйемелдеуді жүзеге асыратын, бірден бір қатысушысы мемлекет болып табылатын уәкілетті ұйым;

5) ақпараттық жүйе - ақпараттық процестерді іске асыруға арналған ақпараттық технологиялардың, ақпараттық желілер мен оларды бағдарламалық-техникалық камсыздандыру құралдарының жиынтығы;

6) ақпараттық ресурстарды қорғау - ақпаратты алу, көшімесін түсіру, тарату, бұрмалау, жою немесе оған тосқауыл қою жөніндегі заңсыз іс-әрекетті қоса, ақпараттық ресурстарға рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмауға бағытталған құқықтық, экономикалық және ұйымдық-техникалық іс-шаралар мен аппараттық-бағдарламалық құралдар кешені;

7) ақпараттық процестер - ақпараттық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты түзу, жию, өңдеу, жинақтау, сақтау, іздестіру, беру, пайдалану және тарату процестері;

8) ақпараттық қызметтер - пайдаланушыларға олардың сұраулары немесе тараптардың келісімі бойынша ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді ұсыну жөніндегі қызмет;

9) ақпараттық ресурстарды, жүйелерді пайдаланушы - ақпараттық жүйелердегі ақпараттық ресурстарға Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тараптардың келісімімен белгіленген тәртіппен жүгінетін кез келген жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган;

10) ақпараттық жүйелерді иеленуші - ақпараттық жүйелерге қатысты өкім етуді, иеленуді және пайдалануды қоса алғанда, меншік құқықтарына ие жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган;

11) ақпараттық ресурстарды иеленуші - ақпараттық ресурстарға қатысты меншік құқықтарына ие жеке немесе заңды тұлға, мемлекеттік орган;

12) құпия мәліметтер - мемлекеттік құпия болып табылмайтын мәліметтер, оларға қол жеткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес немесе тараптардың

к е л і с і м і м е н

ш е к т е л е д і .

2-бап. Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасы

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасы Қазақстан
Республикасының

Қ951000_

Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және
Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда
қамтылғаннан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері
қолданылады.

3-бап. Осы заңның қолданылу аясы

Осы заң мемлекеттік және/немесе беймемлекеттік ақпараттық
ресурстардағы кез келген ақпараттық тасығыштардағы және кез келген
нысандағы қамтылған ақпаратпен байланысты қатынастарды реттемейді.

2-ТАРАУ. АҚПАРАТТАНДЫРУ САЛАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

4-бап. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің мақсаты мен принциптері

1. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу қазіргі заманғы әлемдік
үрдістерді, елдің әлеуметтік және экономикалық дамуын ақпараттық қамсыздандыруды
ескере отырып, Қазақстан Республикасының ақпараттық инфрақұрылымын
қалыптастыру мен дамытуды мақсат тұтады.

2. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай принциптерге
н е г і з д е л г е н :

1) табиғи ресурстар, еңбек және капитал рыноктарына қосымша өндіріс факторы ретінде ақпараттық қызметтер рыногын еркін дамыту;

2) ақпараттандыру, жеке тұлғаның, мемлекет пен қоғамның ақпараттық

қауіпсіздігі саласындағы ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету;

3) ақпаратты еркін және тең құқылы алудың, таратудың және пайдаланудың тиімді жүйесін құру.

5-бап. Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары

Ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік реттеу мынадай негізгі бағыттарға сәйкес жүзеге асырылады:

1) мемлекеттік басқаруды ақпараттандыру және азаматтардың және меншік нысанына қарамастан ұйымдардың ақпараттық мүдделерін іске асыру;

2) ақпараттық жүйелерді мемлекеттік тіркеу және олардың мониторингі.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпараттандыру саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ақпараттандыру саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) ақпараттық процестерді басқару ісінде мемлекеттік саясатты қалыптастыру;

2) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның функцияларын айқындау;

3) ақпараттандыру саласындағы ұлттық операторды және оның өкілеттіктерін айқындау.

7-бап. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның құзыретіне мына мәселелер кіреді:

1) ақпараттандыруды дамытудың негізгі бағыттары мен басымдықтарын

іске асыру, ақпараттық қызмет рыногының жұмыс істеуі үшін жағдай туғызу;

- 2) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу;
- 3) ақпараттандыру саласындағы ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық бағдарламалар жөнінде мемлекеттік органдарға ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу;
- 4) ақпараттандыру саласындағы қызметке мемлекеттік бақылау жасау;
- 5) ақпараттандыру саласында бағдарламалар әзірлеу;
- 6) мемлекеттік ақпараттық ресурстарды, мемлекеттік ақпараттық жүйелерді және оларды қамсыздандыру құралдарын тіркеу;
- 7) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда, террорлық актілер кезінде ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелерді басқару;
- 8) ақпараттық ресурстардың мемлекеттік тізілімін жүргізу;
- 9) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес өзге де мәселелер.

8-бап. Ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператордың функциялары

Ақпараттандыру саласындағы ұлттық оператор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік ақпараттық жүйелерді ұйымдық-техникалық қолдауды, олардың әлемдік ақпараттық жүйелерге интеграцияланушылығын қамтамасыз ету;
- 2) мемлекеттік ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу мен пайдалану;
- 3) мемлекеттік ақпараттық ресурстардың жалпыға қол жетімді бөлігіне жеке және заңды тұлғалардың ақпараттық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында қол жеткізуі үшін техникалық жағдайларды қамтамасыз ету.
- 4) ақпараттандыру саласында сарапшылық қызметті жүзеге асыру.

3-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ ТҮЗУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

9-бап. Ақпараттық ресурстардың құқықтық режимі

1. Ақпараттық ресурстардың құқықтық режимін осы Заң және Қазақстан

Республикасының ақпараттандыру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілері айқындайды, онда мыналар белгіленеді:

- 1) ақпараттық ресурстарды түзу және оларды құрайтын ақпаратты құжаттау тәртібі;
- 2) ақпараттық ресурстарды азаматтық, әкімшілік және өзге де құқықтық қатынастар саласында айналымға енгізу тәртібі;
- 3) қол жеткізу деңгейі мен пайдалану режимі бойынша ақпарат ресурстарды құрайтын ақпарат санаттары;
- 4) ақпараттық ресурстарды қорғау ережелері;
- 5) ақпараттық ресурстарға және бағдарламалық қамсыздандыру құралдарына меншік құқығы мен өзге де құқықтарды тіркеу және қорғау тәртібі;
- б) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да аспектілер.

2. Ақпараттық ресурстарды түзуді:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар;
- 2) ақпараттандырумен және ақпараттық қызметтермен байланысты іс-әрекет шеңберінде меншік нысанына қарамастан жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады.

10-бап. Ақпараттық ресурстардың түрлері

1. Ақпараттық ресурстар мемлекеттік және беймемлекеттік болуы мүмкін.

2. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарға мемлекетте органдардың құзырында болатын әрі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есепке алуға және қорғауға жататын, республикалық немесе жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен түзілетін (қолдау жасалатын) ақпараттық ресурстар жатады.

11-бап. Ақпараттық ресурстарға меншік құқығы мен өзге де құқықтар

1. Ақпараттық ресурстарға меншік құқығы мен өзге де құқықтардың туындауы және тоқтатылуы үшін негіздер Қазақстан Республикасының заң актілерімен реттеледі.

2. Жеке және заңды тұлғалар беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды иеленушілер
б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Ақпараттық ресурстар бір мезгілде бірнеше иеленушіге тиесілі болуы мүмкін.

4. Ақпараттық ресурстар, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауар болуы мүмкін.

5. Мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтерді қамтитын беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды иеленуші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларға иелік етуге хақылы.

12-бап. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды түзу және пайдалану

1. Мемлекеттік ақпараттық ресурстар жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік органдардың ақпараттық қажеттілерін қамтамасыз ету мақсатында түзіледі.

Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды мемлекеттік органдар түзіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен өз құзыретіне сәйкес олардың пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

2. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды жаңартуды (актуализациялауды) мемлекеттік органдар немесе олардың тапсыруымен өзге де тұлғалар Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Мемлекеттік орган өз құзыреті шегінде мемлекеттік ақпараттық ресурстарды жию, өңдеу және сақтауды жүзеге асырады.

3. Жеке және заңды тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда, құжатталған ақпарат пен электронды құжаттарды мемлекеттік органдарға береді.

Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды түзу үшін міндетті түрде табыс етілетін құжатталған ақпарат түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

13-бап. Мемлекеттік ақпарат ресурстарының құрамы

1. Мемлекеттік ақпарат ресурстары қол жеткізу шектелген және жалпыға қол жетімді ақпаратты қамтуы мүмкін.

2. Ақпаратты рұқсат берілу санаттарына жатқызу тәртібі, жалпыға қол жетімді ақпаратқа қол жеткізу, сақтау және тарату шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпарат ресурстарын иеленушілер айқындайды.

Ақпаратты мемлекеттік құпияларға жатқызу мемлекеттік құпияларды қамтитын ақпаратқа қол жеткізу, сақтау және тарату Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиялар туралы заңнамасымен белгіленеді.

14-бап. Беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды түзу және пайдалану

1. Беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды жеке және заңды тұлғалар өз қаражаты есебінен түзеді не Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен а л а д ы (б е р е д і) .

2. Беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды жеке және заңды тұлғалар өз бетінше немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәртіппен шарттық н е г і з д е п а й д а л а н а д ы .

3. Ақпараттық ресурстарды иеленушілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен прокурор санкциясының негізінде Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына өздерінің ақпараттық ресурстарына р ұ қ с а т б е р е д і .

15-бап. Азаматтар мен заңды тұлғалар туралы құпия мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстарды түзу және пайдалану

1. Азаматтар мен заңды тұлғалар туралы құпия мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстарды түзу және пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының заң актілерінде б е л г і л е н е д і .

2. Азаматтар мен заңды тұлғалар туралы құпия мәліметтерді қамтитын ақпараттық ресурстарды оларға мүліктік және моральдық зиян келтіру, Қазақстан Республикасының заң актілерінде кепілдік берілген құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды шектеу мақсатында пайдалануға жол берілмейді.

16-бап. Мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық ресурстарға қол жеткізу

1. Жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік ақпараттық ресурстардың жалпыға қол жетімді бөлігіне еркін қол жеткізу құқығын пайдаланады.

Мемлекеттік ақпараттық ресурстардың қол жеткізу шектеулі бөлігіне пайдаланушылардың қол жеткізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі а й қ ы н д а й д ы .

Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды жалпыға қол жетімді немесе қол жеткізу шектеуліге жатқызу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

2. Беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды жалпыға қол жетімді немесе қол жеткізу шектеуліге жатқызу тәртібін беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды иеленуші осы Заңға қайшы келмейтін тәртіппен өз бетінше айқындайды.

17-бап. Мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды пайдалану

1. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды иеленуші оларды өңдеу режимдерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдаланушыға беруді қамтамасыз етеді.

2. Беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды пайдалану осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, иеленуші белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Пайдаланушы мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды жолсыз пайдаланғаны, көшірмесін түсіргені, таратқаны, меншік құқығын, авторлық және өзге де құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

18-бап. Азаматтар мен ұйымдардың өздері туралы мәліметті қамтитын ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі

1. Азаматтар мен ұйымдардың өздері туралы мәліметті қамтитын ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізуге, бұл ақпаратты оның толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету мақсатында нақтылауға құқығы бар.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған ақпараттық ресурстарға азаматтар мен ұйымдардың қол жеткізуін шектеуге Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген негіздер бойынша жол беріледі.

3. Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері, олардың қауіпсіздігі жөніндегі мәселелер мен оларға тікелей қатысты немесе қоғамдық мүддені білдіретін басқа да мәселелер бойынша ақпаратты қамтитын ақпараттық

ресурстарға пайдаланушылардың қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

4. Ақпараттық ресурстарды иеленушінің немесе ақпараттық ресурстарға қатысты құқықтарды заңды негіздерде жүзеге асырушы өзге де адамдардың осы баптың 1 және 3-тармақтарында аталған ақпаратқа қол жеткіздіруден бас тартуына сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

4-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ТҮЗУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

19-бап. Ақпараттық жүйелерге меншік құқығы
мен өзге де құқықтар

Жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттік ақпараттық жүйелерге қатысты

Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес меншік құқығы мен өзге де құқықтары болуы мүмкін.

20-бап. Желіаралық қосу

1. Мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық жүйелерді иеленушілер Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін, деректерді берудің стандартты протоколдарын пайдалану негізінде түрлі ақпараттық жүйелердің арасында деректер алмасу мен беруді ұйымдастыру үшін өзара желіаралық қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі мүмкін.

2. Мемлекеттік ақпараттық жүйелермен желіаралық қосу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

21-бап. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді түзу және пайдалану

1. Мемлекеттік ақпараттық жүйелер:

- 1) жалпы республикалық ақпараттық жүйелерді;
- 2) орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін;
- 3) ұйымдардың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жасалған, сатып алынған (толық немесе ішінара) ақпараттық жүйелерін;
- 4) басқа да объектілерді қамтиды.

2. Мемлекеттік ақпараттық жүйелер мемлекеті мүлік құрамына кіреді әрі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуге жатады.

3. Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып ақпарат алмасу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шарт талаптарымен жүргізіледі.

22-бап. Беймемлекеттік ақпараттық жүйелерді түзу және пайдалану

1. Беймемлекеттік ақпараттық жүйелерді жеке және заңды тұлғалардың кез келген заңды тәсілмен жасаған, сатып алған не алған беймемлекеттік ақпараттық жүйелері құрайды.

2. Беймемлекеттік ақпараттық жүйелер, әдетте, оларды иеленушілердің ақпараттық мүдделерін іске асыру үшін не ақпараттық қызметтер ұсыну үшін жасалады және п а й д а л а н ы л а д ы .

23 - б а п . С е р т и ф и к а т т а у

1. Мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық жүйелер, сондай-ақ оларды қорғау құралдары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сертификатталған құрал-жабдықтар мен бағдарламалық қамсыздандыру қолданыла отырып жасалады және п а й д а л а н ы л а д ы .

2. Мемлекеттік құпияларды қамтитын ақпаратты қорғау үшін

пайдаланылатын құрал-жабдық пен бағдарламалық қамсыздандыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде сертификатталуға тиіс.

24-бап. Ақпараттық жүйелерді пайдаланып жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыру тәртібі

Мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық жүйелерді пайдаланып жүргізілетін жедел-іздігіру қызметі Қазақстан Республикасының жедел-іздігіру қызметі туралы заң актісінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5-ТАРАУ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАРДЫ, АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ҚОРҒАУ

25-бап. Қорғаудың объектілері мен мақсаттары

1. Ақпараттық ресурстар мен жүйелер мынадай мақсатта:

1) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін;

2) ақпараттық ресурстардың тарап кетуін, ұрлануын, жоғалуын, бұрмалануын, қолдан жасалуын және оларға рұқсатсыз қол жеткізуді, пайдалану мен таратуды б о л д ы р м а у ;

3) ақпараттық жүйелерге заңсыз қол жеткізудің алдын алу;

4) ақпараттық ресурстарда қамтылған жеке және заңды тұлғалар туралы ақпарат мәліметтерінің қүпиялылығын сақтау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қол жеткізу шектеулі

мәліметтерді

таратпау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де мақсатта техникалық қорғау құралдарымен қамтамасыз етіледі.

2. Қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптар мен осы талаптардың сақталуын бақылау тәртібін уәкілетті мемлекеттік органдар белгілейді.

26-бап. Мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды қорғау режимі

1. Жолсыз пайдаланылуы иеленушіге немесе пайдаланушыға не ақпараттық процестерге қатысушы өзге де тұлғаға залал келтіруі мүмкін мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық ресурстар қорғалуға тиіс.

2. Беймемлекеттік ақпараттық ресурстарды қорғау режимін ақпараттық ресурстарды иеленуші белгілейді.

3. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды қорғау режимінің сақталуына бақылауды тиісті мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік ақпараттық ресурстарды түзетін және/немесе пайдаланатын мемлекеттік органдар, жеке және заңды тұлғалар қол жеткізу шектеулі ақпаратты қамтитын ақпараттық ресурстардың қорғалуын қамтамасыз етеді.

27-бап. Қорғау құралдары жоқ ақпараттық ресурстар мен жүйелерді пайдаланудың ерекшеліктері

Егер ақпараттық қызметтер ұсыну шартында өзгеше белгіленбесе, қорғау құралдары жоқ және белгіленген талаптарға сәйкестігі расталмаған ақпараттық ресурстар мен жүйелерді пайдаланумен байланысты тәуекел пайдаланушыға жүктеледі.

28-бап. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын қорғау

1. Қорғау режимі белгіленген ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерге рұқсат беру тәртібін осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес сол ақпараттық ресурстар мен жүйелерді иеленуші береді және айқындайды.

2. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізуден заңсыз табыс бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

3. Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда пайдаланушылардың

өздеріне келтірілген залалдың орнын толтыруға құқығы бар.

6-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

29-бап. Осы заңды бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделгендей жауапты болады.

30-бап. Қолданысқа енуі

Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап бес айдан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы
"Электронды құжат және электронды сандық қол қою"

Осы Заң электрондық цифрлық қолтаңбалармен куәландырылған электрондық құжаттарды жасау мен пайдалануда, сондай-ақ азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауды қоса алғанда, электрондық құжаттар айналымы саласында туындаған құқықтық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін реттеуге бағытталған.

Осы Заңның күші электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған және құқықтық қатынастарды белгілеуді, өзгертуді немесе тоқтатуды көздейтін электрондық құжаттарға ғана қолданылады.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңның мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған әрі электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігі мен мазмұнының өзгерместігін растайтын электрондық цифрлық символдардың жинағы;

2) электрондық құжат - электронды-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған ақпарат;

3) тіркеу куәлігінің иесі - өз атына тіркеу куәлігі берілген, тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес жабық кілтті заңды иеленуші тұлға;

4) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті - тіркеу куәлігінің иесіне белгілі және электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып электрондық цифрлық қолтаңбаны жасауға арналған электрондық цифрлық символдардың қайталанбас бірізділігі;

5) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті - кез келген тұлғаның қолы жетімді және электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалылығын растауға арналған электрондық цифрлық символдардың қайталанбас бірізділігі;

6) қол қоюшы тұлға - электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін заңды иеленуші және оны электрондық құжатта пайдалану құқығына ие тұлға;

7) тіркеу куәлігі - электрондық цифрлық қолтаңбаның осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін куәландыру орталығы берген электрондық немесе қағаз нысанындағы құжат;

8) электрондық құжат айналымының жүйесі - электрондық құжаттарды алмасу жүйесі, оған қатысушылардың арасындағы қатынастар олардың арасында жасалатын шарттардың және/немесе электрондық құжат айналымы жүйесі ережелерінің, осы Заңның және өзге де заң актілерінің негізінде реттеледі;

9) электрондық цифрлық қолтаңба құралдары - электрондық цифрлық қолтаңбаны жасау және оның түпнұсқалылығын тексеру үшін пайдаланылатын бағдарламалық және техникалық құралдардың жиынтығы;

10) куәландыру орталығы - электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын заңды тұлға;

11) уәкілетті орган - ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік саясатты және осы саладағы қызметті мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

12) электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы электрондық құжаттарды жинау, өңдеу, сақтау, беру, іздестіру мен тарату процестеріне қатысушы заңды немесе жеке тұлға, мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлға;

13) электрондық құжат айналымының корпоративтік жүйесі электрондық құжат айналымының жүйесі, оған қатысушылар ведомстволық, функционалдық немесе өзге де ақпараттық қатынастармен айқындалатын ұйымдардың немесе пайдаланушылардың шектеулі ортасы болуы мүмкін.

2-бап. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнама

1. Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнама Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Цифрланған бейнені, дербес сәйкестендіру нөмірлері мен басқа әдістерді қоса алғанда, жеке қолтаңбаның өзге де электрондық баламаларын пайдалану тәртібі, сондай-ақ электрондық құжатты криптографиялық қорғау құралдарын осы Заңмен реттелмеген бөлігінде пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзге ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4. Егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, шетелдік жеке және/немесе заңды тұлғалардың қатысуымен электрондық құжаттар алмасу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылады.

5. Егер тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, куәландыру

орталығы мен шетелдік тіркеу куәлігі иесінің арасында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеу кезінде тіркеу куәлігін берген мемлекеттің құқығы қолданылады.

3-бап. Қолданылу аясы

Осы Заңның қолданылуы электрондық цифрлық қолтаңбамен сәйкестендірілген және құқықтық қатынастарды орнатуды, өзгертуді немесе тоқтатуды көздейтін электрондық құжаттарға қолданылады.

2-ТАРАУ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ

4-бап. Электрондық құжат айналымының принциптері

1. Электрондық құжат айналымы мемлекеттік және беймемлекеттік ақпараттық жүйелерде мынадай принциптер негізінде жүзеге асырылады:

1) электрондық құжат айналымының түрлі жүйелерінің жұмыс істеуі;

2) электрондық құжаттарды деректерді түзу, өңдеу, сақтау және беру үшін ақпараттық технологиялар қолданылатын кез келген қызмет салаларында пайдалану;

3) электрондық құжаттарды кез келген ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып
б е р у .

2. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылардың электрондық цифрлық қолтаңбаны және оны жасау құралдарын электрондық құжаттар алмасу кезінде пайдалануы лицензиялауға жатпайды.

5-бап. Электрондық құжат айналымының тәртібі

1. Электрондық құжат айналымының тәртібін электронды сауда-саттық, төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде, сондай-ақ заңнамада көзделген өзге де жағдайларда тиісті мемлекеттік органдар бекітеді.

2. Ұйымдардың қатысуымен болған электрондық құжат айналымы кезінде аталған ұйымның уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасы танылады.

3. Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, тіркеу куәлігі жоқ электрондық құжат бірден бір электрондық құжат айналымының корпоративтік жүйесінде ғана немесе тараптардың келісімі бойынша пайдаланылады.

6-бап. Электрондық құжаттың заңды күші

1. Осы Заңға сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттың тиісті қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей заң күші бар.

2. Егер заңнамада немесе осы электрондық құжатта не тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе электрондық құжат электрондық цифрлық қолтаңба қойылған сәттен бастап заңды күшіне енеді.

3. Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған, тіркеу куәлігі жоқ электрондық құжаттың электрондық құжат айналымы жүйесінің ережелерінде және/немесе тараптардың келісімінде белгіленген шекте заңды күші болады.

4. Электрондық құжат бір немесе бірнеше электрондық цифрлық қолтаңбаны қ а м т у ы м ү м к і н .

5. Мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтерді қамтитын электрондық құжаттарды пайдалану, қорғау, тіркеу тәртібі, сондай-ақ оларда қамтылған мәліметтерді беру кезіндегі қауіпсіздік шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7-бап. Электрондық құжаттың түпнұсқалығы

Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылар электрондық құжат және

электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнаманың, электрондық құжат айналымы жүйесі ережелерінің не тараптардың келісімінің негізінде электрондық құжаттың түпнұсқалығы туралы шешімді дербес қабылдайды.

8-бап. Электрондық құжаттарды сақтау

1. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылар электрондық құжаттарды мемлекеттік және/немесе беймемлекеттік ақпараттық ресурстарда заңнамада немесе мұрағатты және құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның қағаз тасығыштағы балама құжаттарды сақтауға қоятын талаптарына сәйкес белгіленген тәртіппен сақтайды.

2. Электрондық құжаттарды мұрағаттық сақтауға жіберілгенге дейінгі сақтау тәртібі электрондық құжат айналымы жүйесінің ережелерімен айқындалады.

9-бап. Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылардың міндеттері

Электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылар:

- 1) электрондық құжат айналымының белгіленген ережелерін сақтауға;
- 2) электрондық цифрлық қолтаңбаның өздеріне тиесін жабық кілттерін заңсыз қол жеткізуден және пайдаланудан қорғау үшін шаралар қолдануға, сондай-ақ ашық кілттерді электрондық құжаттарды сақтау үшін белгіленген тәртіппен сақтауға;
- 3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

10-бап. Электрондық құжаттарды пайдаланып шарттар жасасу

1. Нотариаттық куәландыруды немесе мемлекеттік тіркеуді талап етпейтін кез келген шарттар электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттарды пайдаланып жасалуы мүмкін.

2. Электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжаттарды пайдаланып жасасқан шарттар жазбаша нысанда жасасқан шарттарға теңестіріледі әрі бірдей заң күші болады.

3. Электронды сауда-саттықта электрондық құжаттарды пайдаланып шарттар жасасу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

3-ТАРАУ. ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА

11-бап. Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану негіздері

1. Электрондық цифрлық қолтаңба қол қоюшы тұлғаның өзінің қойған қолымен теңдес және мынадай талаптар орындалған ретте:

1) тіркеу куәлігі бар ашық кілттің көмегімен электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығы куәландырылғанда;

2) электрондық құжатқа қол қойған тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне заңды иелік еткенде;

3) электрондық цифрлық қолтаңба тіркеу куәлігінде көрсетілген мәліметтерге сәйкес пайдаланылғанда, бірдей заңды салдарларға әкеліп соғады.

2. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері оларды заңды негіздерде иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады.

Бір тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерінің шектеусіз мөлшеріне ие бола алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері осы кілттер иелерінің келісімінсіз басқа адамдарға берілмейді.

3. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық және ашық кілттері жасау - куәландыру орталығы тіркеу куәлігін бергенде, өзге жағдайларда электрондық цифрлық қолтаңба құралдарының меншікшілері (иелері) жүзеге асырады.

4. Қол қоюшы тұлға электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану өкілеттігін өзінің өкіліне заңнамада немесе тараптардың келісімінде белгіленген тәртіппен беруге х а қ ы л ы .

12-бап. Электрондық цифрлық қолтаңба құралдары

1. Электрондық цифрлық қолтаңба құралдары заңнамада белгіленген тәртіппен с е р т и ф и к а т т а л у ғ а т и і с .

2. Сертификатталмаған электрондық цифрлық қолтаңба құралдарының иесі бұл туралы осы құралдармен жасалатын, электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтінің иелерін хабардар етуге тиіс.

13-бап. Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының жүйесіндегі электрондық цифрлық қолтаңба

1. Электрондық цифрлық қолтаңбаны мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары мемлекеттік органның құзыреті және лауазымды тұлғаның өкілеттіктері шегінде шығарылатын электрондық құжаттарды куәландырған кезде пайдалануы м ү м к і н .

Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану тәртібі осы Заңмен және электрондық құжат

айналымының ережелерімен белгіленеді.

2. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік

органдардың электрондық құжат айналымы жүйесіндегі куәландыру орталығының өкілеттіктері уәкілетті органға жүктеледі.

14-бап. Электрондық құжат айналымының беймемлекеттік жүйелеріндегі электрондық цифрлық қолтаңба

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық құжат айналымының беймемлекеттік жүйелеріндегі электрондық цифрлық қолтаңба электрондық құжат айналымына қатысушылардың өз қарауынша пайдаланылады.

15-бап. Электрондық құжат айналымының корпоративтік жүйелеріндегі электрондық цифрлық қолтаңба

Электрондық құжат айналымының корпоративтік жүйелеріндегі электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану тәртібі электрондық құжат айналымының ішкі құжаттарымен және корпоративтік жүйеге қатысушы тараптардың келісімдермен айқындалады.

16-бап. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті иесінің құқықтары

Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтінің иесі тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне қол жеткізуді шектеу режимі бұзылды деп топшылаған жағдайларда, куәландыру орталығынан тіркеу куәлігінің күшін жоюды талап етуге хақылы.

17-бап. Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігін растау

Электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін пайдаланушы тиісті тіркеу куәлігін берген куәландыру орталығына сол куәландыру орталығы тіркеген электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің иесіне тиесілі екендігін және

жарамдылығын растау үшін жүгінуге хақылы.

18-бап. Шетелдік электрондық цифрлық қолтаңбаның танылуы

Шетелдік тіркеу куәлігі бар шетелдік электрондық цифрлық қолтаңба осы Заңға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында электрондық цифрлық қолтаңба деп танылады.

4-ТАРАУ. ТІРКЕУ КУӘЛІГІ

19-бап. Тіркеу куәлігін беру тәртібі

1. Тіркеу куәлігін беру тәртібін уәкілетті орган айқындайды әрі куәландыру орталығы мен электрондық құжат айналымына қатысушылар үшін міндетті болып табылады.

2. Белгіленген тәртіппен берілген тіркеу куәліктерін куәландыру орталығы электрондық құжат айналымына қатысушылардың қол жеткізуі үшін ашық тіркеу куәліктері тіркеліміне енгізеді.

20-бап. Тіркеу куәлігінің мазмұны

1. Тіркеу куәлігі мынадай мәліметтерді қамтуға тиіс:

- 1) тіркеу куәлігінің нөмірі мен оның қолданылу мерзімі;
- 2) электрондық цифрлық қолтаңбаның иесін сәйкестендіруге мүмкіндік беретін деректер;
- 3) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілті;
- 4) электрондық цифрлық қолтаңбаның сәйкес жабық кілтін жасау үшін пайдаланылатын электрондық цифрлық қолтаңба құралдары туралы деректер;
- 5) электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану салалары мен қолдануға шектеулер туралы ақпарат;
- 6) тиісті куәландыру орталығының реквизиттері.

2. Куәландыру орталығы электрондық құжат айналымына қатысушының келісімі бойынша электрондық құжат айналымы үшін қажетті қосымша ақпаратты тіркеу куәлігіне енгізе алады.

21-бап. Тіркеу куәліктерін куәландыру

орталықтарында сақтау мерзімі

1. Тіркеу куәліктерінің көшірмелері уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тиісті куәландыру орталықтарында сақталады.
2. Күші жойылған тіркеу куәліктерінің куәландыру орталықтарында сақталу мерзімі бес жылдан кем болмайды.
3. Күші жойылған тіркеу куәліктері бес жыл өткен соң Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұрағаттық сақтауға түседі.

22-бап. Тіркеу куәлігі иесінің міндеттері

1. Тіркеу куәлігінің иесі:
 - 1) куәландыру орталығына дұрыс ақпарат беруге;
 - 2) тіркеу куәлігінде көрсетілген ашық кілтке сәйкес жабық кілтті пайдалануға;
 - 3) электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті туралы ақпаратты заңсыз таратуға жол бермеуге міндетті.

23-бап. Тіркеу куәлігінің күшін жою

1. Тіркеу куәлігін берген куәландыру орталығы мынадай жағдайларда:
 - 1) тіркеу куәлігінің иесі немесе оның заңды өкілінің талап етуі бойынша;
 - 2) тіркеу куәлігінің иесі қайтыс болғанда;
 - 3) тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі өткенде;
 - 4) тіркеу куәлігінің иесі осы Заңның 22-бабында көзделген өз міндеттемелері орындамаған немесе тиісінше орындамағанда;
 - 5) заң күшіне енген сот шешімі бойынша оның күшін жояды.
2. Куәландыру орталығы тиісті ақпарат алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде тіркеу куәлігінің күшін жояды.
3. Куәландыру орталығы тіркеу куәлігінің күшін жойған кезде, тіркеу куәлігінің иесіне хабарлауға және тиісті ақпаратты алған сәттен бастап бір күннен кешіктірмей тіркеу куәліктерінің тіркелуіне өзгерістер енгізуге міндетті.

24-бап. Шетелдік тіркеу куәліктерінің танылуы

Шетелдік тіркеу куәлігі Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс

істейтін куәландыру орталығы берген тіркеу куәлігімен тең деп танылады.

5-ТАРАУ. КУӘЛАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫ

25-бап. Куәландыру орталығының қызметі

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған кез келген заңды тұлға куәландыру орталығы бола алады.

2. Электрондық сандық қол қоюшы ашық кілтінің электрондық сандық қол қоюдың жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасына сәйкес лицензиялауға тиіс. Заңды тұлғаның электрондық сандық қол қоюшы ашық кілтінің электрондық сандық қол қоюдың жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі қызметі басқа да қызмет түрлерімен қоса атқарылуы мүмкін.

3. Электрондық, құжат айналымына қатысушыларға бірнеше куәландыру орталықтары қызмет етуі мүмкін. Куәландыру орталығы электрондық құжат айналымының бірнеше жүйесіне қызмет ете алады.

26-бап. Куәландыру орталығының функциялары

1. Куәландыру орталығы өзі қызмет ететін электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысты мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) тіркеу куәліктерін тіркейді, сақтайды және күшін жояды, тіркеу куәліктерінің тіркелімін жүргізеді;

2) жарамды және күшін жойған тіркеу куәліктерін есепке алуды жүзеге асырады;

3) куәландыру орталығы тіркеген электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің тиесілілігін және жарамдылығын растайды;

4) электрондық құжат айналымының жүйесіне қатысушылардың тіркеу куәліктерінің тіркеліміне қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында және электрондық құжат айналымының тиісті жүйесінің ережелерінде белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Куәландыру орталығы электрондық цифрлық қолтаңбаның сақтаудағы ашық кілттерінің жоғалуын, модификациялауды және жалған көшірмесінің жасалуын болдырмауға қажетті барлық шараларды қолдануға міндетті.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген міндеттемелерді орындамағаны үшін

куәландыру орталығы Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты
б о л а д ы .

4. Куәландыру орталығының қызметі туралы үлгі ережені уәкілетті орган бекітеді.

27-бап. Куәландыру орталығы қызметінің тоқтатылуы

1. Заңды тұлға куәландыру орталығы ретінде қызметін тоқтатқан жағдайда, бұл туралы өзі қызмет көрсететін электрондық құжат айналымы жүйелеріне қатысушылардың барлығын және уәкілетті органды өз қызметін тоқтатқанға дейін отыз күн ішінде хабардар етуге міндетті.

2. Куәландыру орталығы қызметін тоқтатқан кезде ол берген тіркеу куәліктері мен электрондық цифрлық қолтаңбаның сәйкес кілттері, тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтер мен тіркеу орталығының өзге де құжаттамасы белгіленген төрттен басқа куәландыру орталықтарына беріледі, бұл туралы электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушылар хабардар етіледі.

3. Осы баптың 1-бөлігінде аталған мерзім өткеннен кейін куәландыру орталығында тіркелген және басқа куәландыру орталықтарына берілмеген ашық кілттер өз күшін т о қ т а т а д ы .

4. Электрондық құжат айналымына қатысушыларға тиесін ашық кілттер туралы мәліметтер және куәландыру орталығының өзге де ақпараты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сақталуға тиіс.

5. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық және ашық кілттерін беру

тәртібі Куәландыру орталығының қызметі туралы үлгі ережемен айқындалады.

28-бап. Куәландыру орталығына түскен дербес деректерді қорғау

1. Куәландыру орталығы тіркеу куәлігі иесінің дербес деректерінің қорғалуын және жария етілмеуін қамтамасыз етеді.

2. Дербес деректер тіркеу куәліктерінің жалпыға қол жетімді тіркелуіне енгізілмейді.

3. Тіркеу куәліктерінің иелері туралы мәліметтерді ашуға Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

6-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

29-бап. Осы заңды бұзғаны үшін жауаптылық

1. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтінің иесі электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін заңсыз пайдалануға байланысты оның кінәсінен келтірілген шығындар үшін сәйкес ашық кілтті пайдаланушының алдында Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе тараптардың келісімінде белгіленген тәртіппен жауапты болады.

2. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтінің иесі куәландыру орталығына өзі берген ақпараттың дұрыстығы немесе осындай ақпаратты бермегені үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленгендей жауапты болады.

3. Жабық кілтті заңсыз алуды және (немесе) басқа адамның электрондық цифрлық қолтаңбасын тиісті өкілеттіктерсіз пайдалануды қоса алғанда, электрондық цифрлық қолтаңбаны заңсыз пайдаланушы адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

4. Куәландыру орталығы электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтін жасау мен электрондық цифрлық қолтаңбаның түпнұсқалығын тексерудің белгіленген ресімін бұзу салдарынан шығын келтірген жағдайда, куәландыру орталығы Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

5. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне заңсыз қол жеткізу

салдарынан электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтін пайдаланушыға электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтінің иесінің кінәсінен шығын келтірілген жағдайда, ол келтірілген шығындардың орнын толтыруға міндетті.

30-бап. Дауларды қарау

Электрондық цифрлық қолтаңбаны және электрондық құжат айналымын пайдалану кезінде туындаған даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралуға тиіс.

31-бап. Қолданысқа енуі

Осы заң ресми жарияланған күнінен бастап бес айдан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, 2002 жылғы

№

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне электронды құжат айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылы 27 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық

К941000_

кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжаттар; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжаттар; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат; N

17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; 2002 жылы 28 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2002 жылы 25 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік мүлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 21 мамырдағы N 323 Z020323_ Заңы):

1 5 2 - б а п т а :

2-тармақтың екінші бөлігі "факсимильдік қол қоюдың көшірмесі," деген сөздерден кейін ", электронды сандық" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтың екінші бөлігі "телетайпограммалармен, факстармен" деген сөздерден кейін ", электронды құжат" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы К010155_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат) :

1) 84-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу құқығын заңсыз шектеу - бестен онға дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады";

2) мынадай мазмұндағы 497-1, 497-2, 497-3-баптармен толықтырылсын:

"497-1-бап. Ақпараттық ресурстарды қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу

Ақпараттық ресурстарды қорғау құралдарын пайдалану жөніндегі талаптарды бұзу, -

азаматтарға бестен онға дейін, лауазымды адамдарға оннан жиырмаға дейін, заңды тұлғаларға жиырмадан елуге дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соқтырады.

497-2-бап. Электронды құжаттар және электронды сандық қол қою туралы заңдарды бұзу

1. Куәландырушы орталықтың электронды құжат және электронды сандық қол қою туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген міндеттерді орындамауы, - жиырмадан екі жүзге дейін айлық есептік көрсеткіші мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Тіркеу куәлігі иесінің электронды құжат және электронды сандық қол қою туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген міндеттерді орындамауы, - бестен онға дейін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Тиісті өкілеттігі жоқ басқа адамның жабық кілтті заңсыз алуын және (немесе) электронды сандық қол қоюды пайдалануын қоса алғанда, электронды сандық қол қоюды заңсыз пайдалану, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Электронды құжаттар айналымы жүйесіне қатысушылардың электронды құжат және электронды сандық қол қою туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген міндеттерді орындамауы, -

айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

497-3-бап. Ақпараттандыру туралы заңдарды бұзу

Азаматтар мен заңды тұлғаларға мүліктік және моральдық шығын келтіру мақсатында олар туралы құпия мәліметтерді құрайтын ақпараттық ресурстарды пайдалану, Қазақстан Республикасының заңдарымен кепілдік берілген құқықтар мен бостандықтарды іске асыруды шектеу, -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырмадан екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 549-баптың 1-бөлігіндегі "497" деген сан "497-1" деген санмен ауыстырылсын.

3. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы К010209_ Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж. . , N 6 , 73 , 75 - құ ж а т т а р) :

1) 10 - б а п т ы ң 1 - б ө л і г і н д е :

33), 34) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"33) салық төлеушінің электронды құжаты - белгіленген электронды форматта берілген, салық төлеушінің электронды қол қоюымен куәландырылған, оны қабылдағаннан және бірдейлігі расталғаннан кейін салықтық есептілік күші бар э л е к т р о н д ы құ ж а т ;

34) салық төлеушінің электронды сандық қолтаңбасы электронды сандық қол қою құралдарымен жасалған және электронды құжаттың растығын, оның салық төлеушіге тиістілігін және мазмұнының тұрақтылығын растайтын электронды сандық нышанның ж и ы н т ы ғ ы ; "

2) 69-баптың 3-бөлігінде:

"электронды қол қоюмен" деген сөздер "электронды сандық қол қоюмен" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және электронды мөрімен" деген сөздер алынып тасталсын.

2-бап. Осы заң ресми жарияланған күннен бастап бес айдан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана, " _____ " _____ 2002 ж.
N _____

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына
толықтырулар енгізу туралы"

1-бап. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі

Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; 2002 ж., N 2, 17-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

10-бап мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) электронды сандық қол қоюдың ашық кілтінің электронды сандық қол қоюдың жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау жөніндегі қызмет;"

2-бап. Осы заң ресми жарияланған күнінен бастап бес айдан кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Омарбекова А.Т.